

Сана болмысы

# Жоспар:

1. Сана- адам миының функциясы. Сана проблемасының философияда қарастырылуы.
2. Сана- объективті дүниенің бейнесі.
3. Бейнелеу түрлерінің эвалюциясы.
4. Сана- сезім (өзіндік сана).
5. Сана және тіл.
6. Қоғамдық сана – қоғамдық болмыстың бейнесі.
7. Қоғамдық сананың формалары.

Сана- адам миының функциясы.

Сана проблемасының философияда қарастырылуы

Сана- адам миына байланысты пайда болды, ал ми оның мекені. Сана- адам миы қызметінің жемісі, нәтижесі. Бірақ ми түрлі жануарларда да бар. Ал сана тек адм миының ғана жемісі. Бұл өте күрделі процесс, материалдық дүниенің ұзақ уақыт дамуының нәтижесі.

Діндарлардың пікірінше, адам ұйықтағанда шыбын-жан дүние кезіп жүретін көрінеді. Кейін ол шыбын-жан қайтып оралғанда, адам ұйқыдан оянады деп түсінген.

Идеалистік философияның қайсысы болсын сана, идея, рух материядан тыс, дербес өмір сүріп ғана қоймайтын, қайта сол материяны билейтін, оның қозғалысын, дамуын қарастыратын күш деп түсінеді.

# Сана-объективті дүниенің бейнесі.

Сана мисыз өмір сүре алмайды, ал біздің түйсіктерімізге әсер ететін- сыртқы дүние. Сол әсерлер орталық жүйке жүйелері арқылы адам миына жетеді. Ми оларды қорытады, шешім жасайды. Әрине, адам ми арқылы ойлайды, бірақ оның мәні сыртқы дүниеде, соны бейнелеуінде. Ми-ең алдымен объективті ақиқатты дәл, былайша айтқанда, дүниені дұрыс бейнелейтін орган. Бірақ сана мен объективті ақиқат ешқашан да мейлінше дәлме-дәл болмайды. Сана-оның идеалдық бейнесі.

Сана бір жағынан жинақталған білім, ал екінші жағынан-таным процесі. Сана әрқашанда белгілі бір қоғамдық даму дәрежесіне сәйкес келеді. Ол-үлкен шығармашылық процесс. Өйткені сана объективті дүниенің механикалық бейнесі (репродуктивті) емес. Сана тек негізгі принцип бойынша, шығу көзі жағынан, бейнеленуі тұрғысынан ғана өмірден туындайды.

# Бейнелеу түрінің эвалюциясы

- Бейнелеу-жалпы материяның қасиеті. Бейнелеудің негізінде екінші құбылысқа, бір дененің екінші бір денеге жасайтын ықпал жатыр. Өлі материяда бейнелеудің екі түрі кездеседі: бірі-изоморфизм, екіншісі-гомоморфизм. Изоморфизмді бейнелейтін объект пен оның бейнесі арасында ажыратқысыз ұқсастық болады. Ал гоморфизм дегеніміз бейнелейтін объект пен бейнесі арасындағы ұқсастықтың жоба түрінде болады.

- Материяның түрлі құрылымдық даму дәрежесіне сәйкес бейнеленуіде әр қилы болады. Өлі материяда ондай бейнелеу негізінде зат, дене бірте-бірте мүжіліп, үгітіліп, бара-бара жойылып бітеді. Ал тірі материяда ондай әсерге белсенді түрде бейіделу пайда болады. Ең алғашқы қарапайым бейнелеуге – тітіркену жатады. Ол бірақ тірі организмдерге тән құбылыс. Орталық жүйке жүйесі бар организмдерде ол рефлекс туғызады. Рефлекс шартты және шартсыз болып екіге бөлінеді. Осыған сәйкес организм реакциясы да саналы және инстинктивті болып



# Сана-сезім (өзіндік сана)

- Сана белгілі бір дәрежеде – сана-сезімге айналады. Сана-сезім – өзін-өзі сезініп, ұғыну арқылы жететін сананың ең жоғарғы сатысы.
- Сана-сезім дегеніміз – адамның өзін-өзі ойлай алатын, сезе білетін, әрекеттнетін субъект ретінде түсіне бастауы. Адамның сана-сезімі қашанда таптық, топтық, қоғамдық сана-сезімдерге тығыз байланысты. Бірақ сана-сезім – адамның өзін-өзі түсінуінен гөрі кең ұғым. Өйткені оған адамның өзін-өзі сезіну және өзін-өзі реттеу қабілеттері кіреді.

# Сана және тіл

- Сана ең жоғарғы ұйымдасқан материя – мидың функциясы ретінде бірден пайда болған жоқ. Ол талай дәуірден өтті. Оның пайда болуына екі факторға байланысты: бірі – еңбек, екіншісі – тіл. “Алдымен еңбек, одан соң бөліп-бөліп айтылатын тіл, - дейді Ф. Энгельс, - маймылдың миын адам миына айналдырды”.

Қоғамдық сана – қоғамдық болмыстың бейнесі

а. Қоғамдық және жеке сана

б. Қарапайым және теориялық сана

в. Қоғамдық психология мен идеология

# Қоғамдық және жеке сана

- Жеке сана әр адамның дүниеге келуіне, өсіп жетілуіне, дүние салуына сәйкес өмір сүреді. Ал қоғамдық сананы жасаушы да, сақтаушы да, оны іске асырушы да – жеке адамдар.

# Қарапайым және теориялық сана.

Қарапайым сана – табиғат пен өмір құбылыстарын күнделікті байқаудың нәтижесі.

Теориялық сана стихялық түрде пайда болмайды. Оны жасайтындар да, тарататындар да – белгілі дайындығы бар, білімі жоғары, білікті адамдар, теоретиктер.

# Қоғамдық психология мен идеология

Қоғамдық психологияның қалыптасуын қоршаған орта, климат, шаруашылық пен кәсіп, жер байлығы, әдет-ғұрпы, ән-күй бәрі әсер етеді. Бірақ қоғамдық психология түрлі жағдайларға сәйкес өзгеріп отырады.

Қоғамдық психология қоғамдық сананың төменгі сатысы болса, идеология оның жоғарғы сатысына жетеді. Идеология ертедегі гректің "idea"- пікір-ой және "logos"- ілім деген екі сөзінен құралған.

# Қоғамдық сананың формалары

а. Саяси сана

б. Құқылық сана

в. Моральдық сана

г. Эстетикалық сана

д. Діни және атеистік сана